

Садибеков Е.Ө.

саясаттану магистрі, дінтану мамандығының 2 курс докторанты,
философия және саясаттану факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: Sadybekov.Ermek@mail.ru

РАДИКАЛИЗМ ФЕНОМЕНІН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАРИХИ ТАЛДАУ (Ұлыбритания және Германия мысалында)

Бүгінгі күні әлемдік қауымдастықта ең өзекті мәселелердің бірі радикализм мен экстремизм болып табылады. Дегенмен ғылыми дискурста аталған феномендерге қатысты плюралистік көзқарас қалыптасқан. Терминдердің бірегей, жалпымен қабылданған анықтамалардың болмауы практикалық тұрғыда, атап айтатын болсақ, бұл құбылыстарды бағалау, потенциалды қауіп деңгейін анықтау және қажетті қарсы әрекет құрастыруда белгілі бір қиындықтар туғызады. Сол себепті мақалада қоғамдық өмірдегі көп кездесетін феномендер радикализм және экстремизм терминдері талданды. Сонымен қатар, әр терминнің өзіндік ерекшеліктері белгіленіп, олардың қоғамдағы пайда болған себептері сарапталды. Мақаланың негізгі мақсаты радикализм түсінігін батыс, ресей және отандық зерттеушілердің еңбектерін зерттей келе айқындау және экстремизм түсінігінен ажыратып алу. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін радикализм терминінің тарихы қаралып, Ұлыбританиядағы және Германиядағы даму тарихының ерекшеліктері талданды. Ерекше көңіл радикализм терминінің этимологиялық негізіне бөлініп, оның әр тарихи кезеңдегі мағынасы айқындалды. Мақалада радикализм терминіне анықтама берудегі саяси ахуал да ескеріліп, баға берілді. Болашақта зерттеу нәтижелері діни экстремизм және терроризмге қарсы әрекет бағдарламаларын даярлау, ақпараттық топтардың жұмысы үшін контрагитациялық дәрістерді, сонымен бірге дінтану, тарих, саясаттану және дін әлеуметтануы сынды пәндерге дәрістер жасақтауда қолданылуы мүмкін.

Түйін сөздер: радикализм, радикал, экстремизм, терроризм, термин.

Sadibekov Ye.

master of Political Science, the 2 course of student PhD of the specialty Religious Studies,
Faculty of Philosophy and Political Science, al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: Sadybekov.Ermek@mail.ru

Comparative-historical analysis of the phenomenon of radicalism (on the example of Great Britain and Germany)

Today, one of the most pressing problems in the world community is radicalism and extremism. However, in scientific discourse there is a pluralistic approach to these phenomena. The absence of unique and generally accepted definitions of terms in practice has certain difficulties in assessing these phenomena, determining the level of potential hazards and creating the necessary countermeasures. For this reason, the article analyzes the most widespread phenomena of public life from the point of view of radicalism and extremism. In addition, each term has its own characteristics and the reasons for their existence in society. The main goal of the article is to define the concept of radicalism by studying the work of Western, Russian and domestic researchers and distinguishing them from the notion of extremism. To achieve this goal, the history of the term radicalism was examined, the features of the history of development in Great Britain and Germany were analyzed. Particular attention was paid to the etymological basis of the term "radicalism" and its significance in each historical period. In the future, the results of the research can be used to prepare programs to counter religious extremism and terrorism, information groups for clichés, as well as to prepare lectures on such subjects as religious studies, history, political science and sociology of religion.

Key words: radicalism, radical, extremism, terrorism, term.

Садибеков Е.О.

магистр политологии, докторант 2 курса специальности «Религиоведение»,
факультет философии и политологии,
Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: Sadybekov.Ermek@mail.ru

Сравнительно-исторический анализ феномена «радикализм» (на примере Великобритании и Германии)

Сегодня одними из самых насущных проблем в мировом сообществе являются радикализм и экстремизм. Однако в научном дискурсе существует плюралистический подход к этим явлениям. Отсутствие уникальных и общепринятых определений терминов на практике имеет определенные трудности в оценке этих явлений, определении уровня потенциальных опасностей и создании необходимых контрмер. По этой причине в статье анализируются наиболее распространенные явления общественной жизни с точки зрения радикализма и экстремизма. Кроме того, каждый термин имеет свои особенности и причины их существования в обществе. Основная цель статьи – определить понятие радикализма, изучив работы западных, российских и отечественных исследователей, и отличия от понятия экстремизма. Для достижения этой цели рассматривалась история развития термина «радикализм» в Великобритании и Германии. Особое внимание было уделено этимологической основе термина «радикализм» и его значению в каждый исторический период. В будущем результаты исследований могут быть использованы для подготовки программ по противодействию религиозному экстремизму и терроризму, информационных групп для контрагитаций, а также для подготовки лекций по таким предметам, как религиоведение, история, политология и социология религии.

Ключевые слова: радикализм, радикал, экстремизм, терроризм, термин.

Кіріспе

Қазіргі таңда радикализм термині әлемге таңыс терминдерінің бірі болып табылады. Дегенмен, бұл терминге қатысты ғалымдар арасында бір пікірлілік жоқ. Қоғамда радикализм термині кеңінен пайдаланады, өйткені радикализм термині экстремизм және терроризм секілді терминдермен қатар қолданады. Бірақ, экстремизм, терроризм және радикализм секілді терминдерді бірге пайдаланғанымен, олардың арасында айырмашылық бар. Радикал терминінің бірінші айырмашылығы, ол осы аталған екі терминнен гөрі, позитивті мағына да қолдануға болады. Өртүрлі салада радикалды сөзі, жақсы жаңалық болуы мүмкін. Мысалы, хирург радикалды ота жасады немесе президент радикалды реформа өткізіп, мемлекетте экономиканың жақсаруына әкелді секілді сөз тіркестері радикал сөзіне позитивті мағына береді. Экстремизм және терроризм терминдерін позитивті мағынада қолдану мүмкін емес. Радикализм терминін жалпы зерттелгенімен, нақты анықтама берілмеген. Батыстық және ресейлік ғалымдардың еңбектерін қарап, радикализм терминін көп мағынада пайдалануға болатынын байқаймыз. Террористік және экстремистік топтар көбейгеннен кейін, бұл терминнің түп мағынасы тіптен түсініксіз болып кетті. Оған әсер етуші құралдардың бірі, ол бұқаралық ақпарат құралдары. Бұқаралық ақпарат құралдары террористі, экстремисті ра-

дикал деп, қоғамдық санада/пікірде белгілі бір қате түсінікті қалыптастыруға ықпал етеді. Дегенмен радикализм және экстремизм мен терроризм сөздерін өзара синоним ретінде пайдалану объективті болып табылмайды. Себебі барлық «радикал» экстремист немесе террорист бола бермейді. Осыған қарамастан, радикал термині экстремист және террорист терминдерімен қатар кеңінен пайдаланғанымен, отандық немесе ресейлік заңнамаларда нақты анықтама беріліп, бекітілмеген. Сол себепті қазіргі кезде радикализм терминіне талдау жасап, оның интерпретациясын анықтау қажеттілігі туындағандығы белгілі.

Изард бірнеше мемлекеттердің өкілін алып (АҚШ, Англия, Германия, Швеция, Франция, Грекия және Жапония), әртүрлі эмоцияға деген қатынасын зерттеп көрді. «Сіз қандай эмоциядан қорқасыз?» деген сұраққа көптеген адамдар қорқыныш деп атады. Яғни, қорқыныш сезімі қорқыныш туғызады және қорқыныш тәжірибесі оны одан әрі нығайтады, мұның өзі зәресі қашудың төтенше сатысына әкеледі. Зәресі қашу – бұл психикада осы сезімнің қайталануына байланысты өзін күшейтетін қорқынышты сезінудің ең жоғары дәрежесі. Жалпы айтқанда, зәресі қашу, ол дегеніміз қорқыныштың қорқынышы (Izard 1991).

Зәресі қашу – ол өте күшті эмоция, сондықтан адамдар оны сирек сезінеді және дәл осы эмоциядан қорқады. Сауалнамаланған адамдар

көбінесе қорқыныштан гөрі, ашу-ыза, жеккөру, уайымдау және ұят сезімдерін көбінесе сезеді. Қорқынышты адам өзінің тыныштығын бұзғанда және қауіпсіздігіне қауіп төнген жағдайда ғана сезеді. Террор – дәл осы тыныштықты бұзушы және қауіпсіздігіне қауіп төндіретін құралдардың бірі. Ол әрекет ету барысында жақындары зардап шегуі немесе өзі зардап шегуі ықтималдығы ойы, адамның тыныштығын алады, қорқыныш ұялатады және зәресін қашырады. Сондықтан психология тұрғысынан қарағанда, террор ол қорқыныштың ең үлкен қорқыныш сезімі деңгейі десек те болады. Осы мысалға негізделі отыра радикализм, экстремизм және терроризм секілді құбылыстардың мақсаты әртүрлі болуы мүмкін. Радикализм тек идея деңгейінде қалуы ықтимал десек, экстремизм сол идеяларды жүзеге асыру деп те айтсақ болады. Қазіргі таңда экстремизм және терроризм құбылыстарын ажырату өте қиын, өйткені екеуі де бір құралдарды пайдаланады.

Бұл мақаланың алдында тұрған негізгі мәселе, ол радикализм дегеніміз не деген сұраққа жауап табу. Бірақ жоғарыда атап кеткендей, радикализм, экстремизм және терроризм секілді түсініктер үнемі бірге пайдаланғандықтан, бұл терминдер синоним болып кеткен, дегенмен радикализм терминінің тарихына үңіліп, оның негізгі кезеңдерін қарастыру арқылы, осы терминнің түпкі мағынасына жетуге болады. Экстремизм және радикализм секілді түсініктерді бір-бірінен ажырату үшін және радикализм терминінің мәнін анықтау мақсатында зерттеу жүргізу ұйғарылды.

Осы мақсатты жүзеге асыру үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

- Радикализм түсінігін жан-жақты ашу;
- Батыстық, ресейлік және отандық зерттеушілердің радикализм терминіне қатысты пікірін айқындау;
- Радикализмнің тарихи даму процесін талдау және саяси себептерін талдау;
- Экстремизм, терроризм, радикализм секілді түсініктер арасындағы айырмашылықты ажыратып алу.

Мақсат-міндеттерді орындау барысында салыстырмалы талдау әдісі пайдаланылады.

Зерттеу жұмысының әдістемесі

Біз қозғаған мәселені жазу үшін әдіснамалық негізі ретінде теориялық зерттеу әдістері қолданылады. Радикализм мәселесін зерттеу

үшін тарихи факттер маңызды, сондықтан тарихи деректер кеңінен қаралды. Радикализм термині жан-жақты талданып, экстремизм және терроризм секілді түсініктермен салыстырмалы талдау жасалынды. Салыстырмалы тарихи әдістері арқылы объективті зерттеу жүргізілді.

Қарастырылған әдебиеттер

Радикализм қоғамның барлық салаларында көрініс табатын, белгілі бір деңгейде қоғамдық даму мен саяси тұрақтылыққа ықпал ететін құбылыс болуына байланысты бірқатар ғалымдардың қызығушылығын туындатып, зерттеулеріне арқау болды.

Радикализм түсінігі Англияда 18 ғасырларда пайда болғанымен, құбылыс ретінде одан да бұрын қоғамдық өмірде орын алды. Сол кезеңнің ахуалын түсінуге Джон Локк, Жан-Жак Руссо және У. Годвин еңбектері көмектесті. Бұл туындылар радикалды қатынастардың қалыптаса бастағанын, өнеркәсіптік революция алдындағы саяси жағдайды, қоғамның билікке деген қатынасына қатысты пікірді қалыптастырды.

Англияның және Германияның саяси ахуалын және радикалдардың талаптарымен танысу үшін, біз М. Ньюмен, Томас Грюмке, Р.А. Сегал, М. Марес еңбектеріне жүгіндік.

Соның ішінде экологиялық радикалдардың позициясымен танысуға Mareš, M. (2008). «Environmental radicalism and extremism in postcommunist Europe» еңбегі көмек берді.

Ресейлік ғалымдардың арасында радикализм терминінің теориялық тұстарын талдауға А.Н. Смертиннің «Политический радикализм: некоторые аспекты определения понятия» және Д.В. Ольшанскийдің «Психология терроризма» атты еңбектері арналған.

Қазақстандағы діни ахуалды талдау барысында Е. Кариннің «Солдаты Халифата» және «» еңбектері және Б. Сатершиновтың «Обществу жизненно необходимо реагировать на угрозы и риски», Т. Козыревтың «На исламском поле Казахстана идет нешуточная идейная борьба» интернет жүйесіндегі мақалалары қолданылды.

Дегенмен қазақстандық ғылыми дискурста жеке дара әлеуметтік феномен ретінде радикализмді зерттеу жаңадан жүзеге асырылып отыруына байланысты, бұл құбылысқа арналған монографиялар аздық етеді. Сол себепті осы салада ғылыми зерттеу жүргізу қазіргі уақытта өзекті болып отыр.

Негізгі бөлім

Радикализм теоретигі М. Ньюменнің пікірінше, алғашқы анықтамалардың бірі мынандай болған: «радикал» – «түбегейлі реформаларды қорғаушы»; демократиялық бағыттағы саяси реформалар туралы ең озық көзқарастары бар және либералдық партияның экстремалды бөлігіне жатады. Демек, идеология мен саяси тәжірибе (кем дегенде, ұйымға тиесілі) радикализм тұжырымдамасында алғаш рет көрсетілген (Neumann 1988: 230). Байқағанымыздай, анықтама бірінші кезекте саяси саладағы өзгерістерді меңзейді. Тарихи деректерге сүйенсек, термин ағылшындар елінде пайда болған, сол кезеңде мемлекетте радикалдар саяси жүйеде радикалды реформаларды талап еткен болатын. 1688 жылдары болған «Дақты революция» мемлекетте парламенттік республикалық басқару жүйесін орнатқанымен, король билігі әлі де әлсіремеген болатын, ол өз қолында саяси билікті шоғырландырып, белгілі деңгейде парламентке әсер ету тетіктері сақталған еді. Осы король билігіне қарсыласу үшін, бірінші радикалды топтар, саяси жүйедегі өзгерістерді ұсынған. Сол кезеңде Еуропа да толығымен демократиялық режим орнамауына байланысты саяси биліктің король қолында емес, парламенттің қолында шоғырлануы саяси санаға сыймайтын радикалды саяси өзгерістерге бағаланған болатын. Егер де «Encyclopædia Britannica» жүгінсек, саяси мағынада «радикализм» түсінігін 1797 жылы Виги партиясының мүшесі Чарльз Джеймс Фокс сайлау құқығын кеңейтуге «радикалды реформа» өткізу үшін бірінші рет пайдаланған (Encyclopaedia Britannica 1911: 793).

Бұл терминге қатысты заманауи ресейлік, батыстық және отандық зерттеушілер арасында әлі де бір пікірлілік жоқ. Мысалы, атақты ресейлік әлеуметтік психолог Д. Ольшанский пікірінше, радикализм (латын *radix* – тамыр, түбі) – әлеуметтік-саяси идеялар мен қолданыстағы әлеуметтік-саяси институттардағы түбегейлі, шешуші («радикалды») өзгерістерге бағытталған іс-әрекеттер деп анықталады (Ольшанский 2002: 234). Егер саяси сөздікке сүйенсек, онда «радикализм – 1) жақтастары өмір сүріп отырған әлеуметтік-саяси жүйені сынға алатын және түбегейлі өзгерістер мен реформалардың жүргізілуін талап ететін саяси ағым; 2) қандай да бір істердегі жағдайды түбірімен түбегейлі өзгертудегі талпыныстардың, тәуекелді ымырасыз талаптардың жүзеге асырылуы» деп сипатталады (Саяси түсіндірме сөздік 2007: 54). Ок-

сфорд сөздігінде аталмыш феноменге «едәуір немесе толық саяси немесе әлеуметтік реформаларды қолдайтын адамдардың сенімдері немесе әрекеттері» деген анықтама берілген (Oxford Dictionary). А.Н. Смертин беріп отырған интерпретацияда: радикализм – әлеуметтік-саяси идеялар мен негізгі әлеуметтік институттарға немесе тұтастай алғанда саяси жүйеге түбегейлі өзгерістер енгізуге бағытталған іс-әрекеттерді үйлестірудің табанды, ымырасыз жүзеге асыру мақсаттары» деп бағаланады (Смертин 2007).

Жоғарыда берілген анықтамаларды сараптай келе, радикализмнің негізгі мақсаты ол қалыптасқан әлеуметтік-саяси жүйені және институттарды түбегейлі жою деп топшылауға болады. Радикализм осы жерде экстремизмге ұқсас екенін көреміз, бірақ экстремизмнен гөрі, радикализм тек идея ретінде қалуы мүмкін. Радикалды өзгерістерді ұсыну, әрқашан іс-әрекетке өтпеуі ықтимал. Экстремизмге және терроризмге де анықтама көп, бірақ бұл терминдер радикализмнен гөрі, анықтамалары нақты заңда бекітілді. Мысалы ҚР-дың 2005 жылғы 18 ақпанындағы №31 заңы «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» құжатына назар аударсақ, онда былай делінген:

1) экстремизм – мыналардың:

жеке және (немесе) заңды тұлғаның, белгіленген тәртіппен экстремистік деп танылған ұйымдар атынан жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігінің әрекеттер ұйымдастыруы және (немесе) жасауы;

жеке және (немесе) заңды тұлғаның, жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігінің мынадай экстремистік мақсаттарды:

Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күшпен өзгертуді, егемендігін, оның аумағының тұтастығын, қолсұғылмаушылығын және бөлінбестігін бұзуды, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетіне нұқсан келтіруді, билікті күшпен басып алуды немесе билікті күшпен ұстап тұруды, заңсыз әскерилендірілген құралым құруды, оған басшылық жасауды және қатысуды, қарулы бүлік ұйымдастыруды және оған қатысуды, әлеуметтік, тектік-топтық алауыздықты қоздыруды (саяси экстремизмді);

нәсілдік, ұлттық және рулық алауыздықты, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты алауыздықты қоздыруды (ұлттық экстремизмді);

діни өшпенділікті немесе алауыздықты, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты

өшпенділікті немесе алауыздықты қоздыруды, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, имандылығына немесе құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін кез келген діни практиканы қолдануды (діни экстремизмді) көздейтін әрекеттер ұйымдастыруы және (немесе) жасауы (ҚР-дың 2005 жылғы 18 ақпанындағы №31 заңы «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы заңы»);

Радикализм және экстремизмнің ғылыми және заңды аясындағы анықтамаларын қарап, түбегейлі бір-бірінен айырмашылығы көп деп айту қиын. Дегенімен, радикализм және экстремизмнің дәстүрлі интерпретацияларын талдап, екі терминде үнемі пайдаланатына қарамастан, синоним деуге келмейтініне көз жеткізсек болады. Өйткені, радикализм экстремизмнен гөрі әрекет емес, тек «идеялық» болуы мүмкін, ал экстремизм керісінше, әрқашан әрекетті болады, бірақ әрқашан идеялық бола бермейді. Экстремизм бірінші кезекте, күрестің әдістері мен құралдарына көп көңіл бөледі, ал идеялық мәселесі екінші кезекте қалуы ықтимал. Көбінесе, экстремизм, дәл осы радикализмнің жалғасы болып жатады. Идеялық деңгейден өсіп, күрестің агрессивті формаларын қабылдап, әрекетке көшеді.

Екі ұғымды тең пайдаланғанымен, екеуі екі түрлі әрекет. Мысалы, экстремизмді екі әрекет бойынша сипаттауға болады: 1) экстремистік көзқарасты ұстану; 2) сол көзқарасты жүзеге асыру үшін зорлық-зомбылыққа бару. Шектен тыс шығатын көзқарастар әртүрлі болуы мүмкін, бірақ экстремистің зорлық-зомбылық жасау формасы террористік немесе революциялық жол екені айқын. Жалпы экстремистік көзқараста болуы, ол қоғамның жалпы қалыптасқан көзқарасымен келіспеу, құндылықтарын қабылдамау және оны бұзып, өзінің дұрыс деген көзқарасын орнату десек, онда біз еріксіз утопистерді де осы қатарға жатқызамыз. Егер де жоғарыда келтірген анықтама дұрыс деп есептесек, өзге де көзқарасты қолдаған адамды біз әрқашан экстремист деп те айта алмауымыз да мүмкін. Мысалы делік, экстремизм қоғамдағы көзқарастан шет шығып, зорлық көрсету десек, бірақ зорлық-зомбылық басымдықта бар көзқарасты негізге ала отырып, сол идеяны жақтай отыра зорлық-зомбылық жасаса, онда бұл әрекет экстремистік емес демеуге де болады. Себебі, зорлық-зомбылық басымдық бар көзқарасты қорғау мақсатында жасалған. Қоғамда делік басым бөлігі либералдық немесе консерваторлық көзқараста болып, сол көзқарасты жақтау

үшін зорлық-зомбылық болған жағдайда оны біз экстремистік дей алмаймыз (жоғарыда берілген анықтама бойынша), өйткені экстремизм қоғамда қалыптасқан көзқарасқа қарсы шығу деп бағаланады. Бірақ біздің жағдайда қоғамдағы басым көзқарасты жақтау үшін болған зорлық-зомбылық. Сондықтан, утопист, фундаменталист, революционерді, экстремисті, террористі бірден радикал деп айту қиын, оны талдап, анықтау керек.

Радикализм ерекшелігі оның мәні прогресс және прогрестік дәстүр идеяларымен тығыз байланысты. Сөйтіп, кейбіреулердің пікірінше, радикализмді саяси-әлеуметтік немесе мәдени салаларда жақсы өзгерістерге қол жеткізу талпынысымен байланыстырады. Былай айтқанда, радикалдар әлемді жақсартуға тырысады деп топшылауға болады (әрине, өз көзқарасындағы игіліктерді меңзеп отырмын). Бірақ радикалдардың өздері прогресс пен радикализм түсініктерін пара-пар пайдалануға көбінесе қарсы болып жатады. Негізінен радикализммен прогресс өзара байланысты екеніне көз жеткізуге болады. Жоғарыда атап кеткенімдей, радикализмді тек негативті мағынада емес, сонымен қатар, позитивті мағынада да қолдануға болады. Сондықтан мысалы, радикалды экологтар мен постмодерндер, прогрессивті дәстүр бойынша белгілі бір болжамдарға: сананың аспаптық тұжырымдамасына немесе адам табиғатының эссенциалистік тұжырымдамасына қатысты міндеттемелерді жоғары бағалайды. Дегенмен, мұндай радикалдар радикализмді басқа ұғымдармен қатар позитивті бағалайды. Байқағанымыздай, радикализм терминін біржақты бағалау күрделі. Өйткені, прогрессивті емес радикалды экологтар өздерінің радикалды қатынасын, экологиялық дағдарысқа деген жауабы ретінде қарайды (Mareš 2008).

Егер де біз «радикализм» терминінің этимологиялық және тарихи дамуын қарастыратын болсақ, этимологиялық тұрғыдан радикализм термині латын тілінің «radix» деген сөзінен шығып, «тамыр» деген мағына береді. Жалпы тамыр сөзін этимологиялық тұрғыдан емес, тереңірек қарастыратын болсақ, онда ол сонымен қатар, «негіз», «пайда болуы» деген мағынаға әкеледі. Сонда радикализм тамырға немесе түбіне емес, «негізіне», «пайда болуына» оралу деп те түсіндірсек болады (Segal 2015).

Терминретінде «радикализм» XVIII ғасырдың ортасында Англияда, 1832 жылғы «Сайлау реформасы жайлы билльге» қарсы қарсыластар арасындағы өнеркәсіптік төңкеріс кезінде

пайда болғаны жоғарыда аталды. Алғашқы кезеңде радикализм термині негативті мағынада емес, позитивті мағынада қолданғандығын ұмытпаған жөн. Өйткені алғашқы кезеңде, радикал деп болашақ буржуазиялық орта таптың мүддесін қорғаған қоғамдық қайраткерлерді атайтын. Олар жеке меншік кәсіпкерлерді, фермерлерді, қалалық қолөнершілерді, мамандандырылған жұмысшыларды, қысымға түскен католик-нонконформистерді және де басқа да құқығы тапталған топтарды қорғайтын. Өз таптарының қажеттіліктерін ескере отырып, «халықтық» радикализмді қолдаушылар елдегі терең әлеуметтік реформаларды жүргізу үшін күрескен. Бірінші «халықтық» радикалдар көзқарастарын, солшыл либералды деп сипаттауға болады, өйткені жалпыұлттық масштабтағы реформаларды ұсына отыра, олар күрестегі зорлық-зомбылық әдістерін қолдануға қарсы шыққан болатын (Романова).

Кейінірек, бұл терминді утилитарист И. Бентамға және оның ізбасарларына қатысты пайдалана бастады, оларды сол кезеңде «философиялық радикалдар» деп атайтын. Жаңа заманда буржуазиялық-демократиялық лозунгтарда естіле бастады. «Табиғи құқыққа», прогреске, санаға негізделе отыра, Дж. Локк, Жан-Жак Руссо секілді ойшылдар, «табиғи емес» болып табылатын әлеуметтік жағдайларды және салт-дәстүрлерді рационалдық тәртіпке радикалды жолмен өзгертуін дәлелдеуге тырысқан болатын. Ал анархизмнің негізін қалаушы У. Годвин күрделі әлеуметтік мекемелердің пайдасыздығын және табиғи мемлекеттегі адамның өзі ақыл мен еркіндіктің белгісі болып табылатындығын айтты (Годвин 1958).

Ағартушылық кезеңіндегі радикалистік көзқарастардың қалыптасуының өзіндік ерекше тұстары болды. Мысалы, радикалды идеялардан революциялық экстремизмге Ұлы Француз революциясы кезінде, якобиншілдер кіріскен болатын. Олар сол кезеңнің Ағартушылық идеяларын саяси радикализммен байланыстырып, жүзеге асырған еді. Осы Ағарту кезеңі буржуазиялық радикализмнің негізгі шептерін айқындап берді десек те болады. Сол кезеңде радикализм рационалистік редукцияға, тарихи және қарапайым тұрғылықты өмірдің аспектілерін оңтайландыруға бағытталды.

XIX ғасырда радикализм түсінігі кеңейе түсті, Еуропада саяси, философиялық, діни, мәдени қозғалыстар ретінде тарай бастады. XIX-XX ғасырларда радикализм социалистік, социал-демократиялық бағыттағы солшыл партиялар

үшін идеологиялық тірекке айналды. Сонымен бірге, оңшыл күштер арасында да радикализм өз жақтастарын тапты. XX ғасырда радикализм фундаменталистік исламдық саяси күштердің идеологиясына негіз болды.

Жалпы қазіргі таңдағы Еуропадағы көптеген саяси партиялар кезінде радикалды партия ретінде саяси жолын бастап, кейін, атынан радикалды-саяси деген атауларын алып тастады. Мысалы, Батыс Германия мемлекетінде Ұлыбританиядан гөрі 1960-1970 жылдары радикалдар қауіп ретінде қарастырылды. Ұлыбритания елінде радикализм құбылысы либералды құндылықтардың жақтасы ретінде позитивті мағынада қолдана басталса, Германия да керісінше, негативті мағына иеленді. Радикалдар ол кезеңде марксистік немесе социалистік көзқарастарды жақтап, солшыл радикалдар ретінде белгілі болды. Олар сол кезеңде либералды-демократиялық құндылықтарға қауіп төндірді, соған орай тіптен «Мемлекеттік қызметке радикалдарды жұмысқа қабылдамау туралы жарлық қабылданды (1972 жылғы 28 қаңтар)». Ол жарлық бойынша, «Конституциялық емес іс-әрекеттерді жасайтын өтініш беруші мемлекеттік қызметке жіберілмейді», – делінген. Егер өтініш беруші конституцияға қайшы әрекеттерді жүзеге асыратын қастық ұйымға тиесілі болса, оның мүшелігі еркін демократиялық тәртіптің пайда болуына күмән келтіреді. Және бұл, әдетте, қызметке алуға бас тартуға негіз болады (Erlass zur Beschäftigung von Radikalen im öffentlichen Dienst 1972). 70-шы жылдары бұл заң демократиялық қоғамда үлкен дау туғызып, уақыт өте келе радикалдармен күресудің бұл жолы қате болғанын билік тарапынан мойындалды. Сол кезеңде радикализм термині оңшыл демократиялық режимге қарсыларға да бастап пайдалана бастады. 1974 жылға дейін «Конституцияны қорғау» актілерінде «радикализм» термині антиконституциялық талпыныстар ретінде баға берді. Уақыт өте келе антиконституциялық талпыныстар ретінде «экстремизм» терминімен алмастырылды (Grumke 2016). Конституцияны қорғау термині Германияда конституцияны (нормативтік) қорғауға, сондай-ақ әкімшілік (ресми) ішкі барлау қызметтеріне қатысты жалпы термин болып табылады. Сол сияқты, термин Австрияда әкімшілік мағынада қолданылады. Ұжымдық және жалпы термин, Швейцарияда да мемлекеттік қорғау болып табылады (Heinemann 2005)). 60-70 жылдары көбінесе «экстремизм» терминіне ұласа бастады. Радикализм мәнінің жаңаруы және сонымен қатар, бұл терминге

мемлекеттік билікке қарсы деген теріс пікірдің 1966 жылдан бастап 1974 жылға дейінгі кезеңде негативті мағынасы біртіндеп жойылды. 1980 жылдардың басынан, оларды біржолата «солшыл экстремистер» деп атайтын болды (Hanloser 2005). Дегенмен, неміс тарихшысы Ральф Хофродж пікірінше, солшыл экстремизм термині шет елдік тоталитаризм терминдерінің пайда болуымен байланыстырылады, сондықтан ол тарихи және саяси зерттеулер жүргізгенде аса бір кең пайдалана берілмейді (Hoffrogge 2015: 258).

Жалпы, Германия Федеративті Республикасында «радикалды» және «экстремистік» терминдер арасындағы өзгешелік Федералды конституциялық сотқа және конституциялық қорғау органдарына байланысты болатын (Blank 2007). Қазіргі таңда Германияның Конституцияны қорғау жайлы Федералды ведомствосы, тікелей радикализмге және экстремизмге тыйым салған (Bundesamt für Verfassungsschutz).

Жалпы, Германияның өзінде әлі, нақты радикализм және экстремизм терминдерінің арасында айырмашылық жоқ. Германия федеративті мемлекет болғандықтан, оның автономиялық облыстары саяси шешім және заң қабылдағанда үлкен тәуелсіздікке ие. Сондықтан болар, әр Федералды жер, радикализмді немесе экстремизмді өзіндік заңдарға байланысты түсіндіреді.

Екі елді салыстыру себебім, бір-біріне жақын, Еуропалық елдер болғанымен де, радикализм екі мемлекетте әртүрлі кезеңде қарқынды дамып, Ұлыбритания және Германия секілді елдерде бір терминнің екі мемлекетте өзгеше даму тарихы бар екенін байқаймыз. Себебі, екі мемлекеттің саяси ахуалы бір-біріне ұқсамайды және радикалды көңіл-күйлер әртүрлі мақсатты талап етті. Ұлыбританияда алғашқы таңда саяси жүйедегі өзгерістерді, демократиялық құндылықтар жаққа бет бұрысты талап етіп, либералды құндылықтардың орнауын қаласа, Германияда керісінше, социалистік көзқарастарды талап етіп, мемлекетті керісінше қайта авторитарлық режимге әкелу қаупі болды. Ұлыбританияда парламент билігі кеңейіп, король билігі тарылу, сайлау құқығының пайда болуы, парламенттік монархия ретінде қалыптасуына ықпал етті. Ал Германия мемлекетінде бұл институттар орнаған болатын және сөз, ой бостандығы секілді құндылықтар арқасында радикалдар кеңінен идеологиялық жұмыстарын жүргізе бастады. Радикалдар идеясы жүзеге асса, онда кері процесс жүрер еді. Сондықтан оларға қарсы күрес жүргізілді, оларды қысқан сайын, радикалдар күрес әдістерін өзгертіп, сөзден іске

көшті. Нәтижесінде радикалдардан экстремистерге ұласты.

Саяси процестердің ықпалымен заман өзгергеннен кейін, ақпарат алмасу процесі айларға емес, секундқа ұласқан кезде, радикализм терминінің мағынасы өзгеріске, трансформацияға ұшырады. Егер де жоғарыда атап кеткеніндей, алғашқы таңда ол либералдық құндылықтарды сақтау үшін қолданған болса, қазіргі таңда ол демократиялық режимді орнату үшін емес, керісінше, либералды құндылықтарды ыдырату, заңды орнаған саяси билікті құлату үшін қолданыста жүрген термин. Бүгін радикализм өте саясиленген терминдердің біріне айналды, ол енді қауіп тудыратын сөз. Негізгі жауы – демократиялық құндылықтар, мемлекет зайырлылығы. Саяси, діни радикализм секілді түсініктер, БАҚ-тың таратуымен, ең қорқынышты ұғымдардың біріне айналды. Бірақ діни радикализм сөз тіркесіне де нақты анықтама жоқ, ҚР заңнамасын қарастырып, діни радикализм термині қарастырылмағанын атап кеткен жөн болар. Дегенмен, Қазақстан Республикасы Дін істері министрлігі мен азаматтық қоғам тарапынан әзірленген «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын кең қоғамдық талқылауға ұсынған кезде, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы (11 қазан 2011 ж.) Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 4 тармағына мынандай анықтамадағы келесі түзетулер енгізуді ұсынған болатын: «Діни радикализм – өзгелерге күштеп таңу және тарату арқылы діни ұстанымдар мен догматты міндетті түрде орындату арқылы қалыптасқан әлеуметтік институттарды түбегейлі өзгертуге бағытталған шеттен тыс, ымырасыз діни көзқарастарға және діни нанымдарға берілгендік» (Сатершинов 2018). Бірақ бұл мәселе қайтадан өзекті болып, болашақта заңнамада бұндай анықтама орын алуы әбден мүмкін.

Қорытынды

Қорытындылай келе, бірнеше тұжырымдамалар жасауға болады:

Біріншіден, қоғамда «радикализм» және «экстремизм» терминдерінің әмбебап анықтамалары жоқ екеніне көзіміз жетті. Көптеген ғалымдардың аталған феномендерге берген анықтамалары бір-біріне қарама-қайшы болып, бұл ғылыми дискурста радикализм терминінің интерпрета-

циясын анықтауға қиындық туғызады. Біздің пікірімізше, бұл «радикализм» немесе «экстремизм» секілді құбылыстардың күрделілігін, олардың саяси-әлеуметтік астарларымен байланысты болып табылады.

Екіншіден, радикализм терминіне деген көзқарастың әрқилылығын жеке мемлекеттегі саяси процестермен және олардың локалдылығы сынды объективті себептермен түсіндіруге болады. Яғни бұл құбылыс белгілі бір мемлекеттің ішінде болып жатқан саяси ахуалға тікелей байланысты екенін көруге болады. Айқын мысал ретінде, көршілес жатқан Англия және Германия мемлекеттерін атап кетсек болады.

Үшіншіден, көңілді аударатын мәселе, ол радикализм және экстремизм терминдері ұқсас тұстары болғанымен, синонимдер болып табылмайды. Байқағанымыздай, радикализм әрқашан белгілі бір идеялар жиынтығын белгілейді, сонымен қатар, әрекетке әрқашан бара бермейді. Негізгі мәселесі идеялық тұрғыдағы күрес. Ал экстремизм керісінше, бірінші орынға, іс-әрекетті алып шығады. Осыған орай, экстремизм радикализмнің жалғасы деген болжам айтуға болады, дегенмен, сенімді айту қиын, өйткені мақала барысында радикализм және экстремизм арасындағы айырмашылықты ажырату деген мақсат болмады, сондықтан бұл мәселе қосымша зерттеулерді талап етеді. Дегенмен, діни радикализм және діни экстремизм секілді түсініктер үнемі бірге пайдаланылады және синоним болып кеткенін де көруімізге болады.

Merriam-Webster және Cambridge сөздіктерінде экстремизмге берген анықтамаларына жүгінсек, экстремизм дегеніміз – «шеттен тыс болу қасиеті немесе жағдайы» немесе «шеттен тыс шыққан шараларды немесе көзқарастарды насихаттау (Merriam-Webster Dictionary 2015). Кэмбридж сөздігінде былай делінген: «Экстремизм – адамдардың көпшілігінің пікірінше біреу ақылға сыймайтын және қолайсыз деп есептейтін көзқарастарда болуы» (Cambridge dictionary). Жалпы, экстремизм шеттен тыс шыққан көзқарастарда болу деген мағына беретінін көреміз. Ал бұл феноменнің тарауына саяси институттардың ыдырауы, күрт өмір сүру деңгейінің төмендеуі, әлеуметтік келешегі болмауы және онымен байланысты депрессиялық көңіл-күй, заңды өзін-өзі қызмет және жеке тұлғаның өзін-өзі іске асыру үшін қажетті әлеуметтік жағдайлардың болмауы, болашаққа деген сенімсіздік, мемлекеттің оппозициялық

пікірлерді жаншу, ұлттық езгі, саяси лидерлердің және саяси акторлардың саяси қызметті атқару барысында экстремалды әдістерді қолдану тән. (Политическая энциклопедия 1999). Саяси энциклопедияда берілген анықтамаға қарап, мынандай тұжырымдама жасауға болады, мемлекет әртүрлі топтардың әрекетін қыса бастағанда, онда саяси аренаға наразылық білдіру ретінде экстремистер шығады. Осымен экстремистердің негізгі ерекшелігі осы әрекет ету екенін айқындауға болады.

Егер ҚР-дың 2005 жылғы 18 ақпанындағы №31 заңы «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» заңға назар аударсақ, экстремистік әрекеттер деп – экстремистік мақсаттағы әрекеттер жасауға жария түрде шақыруды, экстремистік ұйымдардың нышандарын насихаттауды, үгіттеуді және көпшілікке жария көрсетуді қоса алғанда, осындай әрекеттерді тікелей іске асыруды белгілейді. Бұл анықтамаға қарап, экстремистік әрекет кең түсіндірілетінін көреміз. Оған мысалы бәрі кіреді, ол Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күшпен өзгертуді, ол егемендігін, оның аумағының тұтастығын, қолсұғылмаушылығын және бөлінбестігін бұзуды, ол мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетіне нұқсан келтіруді, ол билікті күшпен басып алуды немесе билікті күшпен ұстап тұруды, заңсыз әскерилендірілген құрылым құруды, оған басшылық жасауды және қатысуды, қарулы бүлік ұйымдастыруды және оған қатысуды, әлеуметтік, тектік-топтық алауыздықты қоздыруды (саяси экстремизмді) және т.б. (ҚР-дың 2005 жылғы 18 ақпанындағы №31 заңы «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы заңы»).

Ал радикализм – ол қоғам қолдайтын, бірақ саяси билік қолдамайтын белгілі бір нәрсені өзгерту жайлы ойды ойластыруды, яғни тек идеялық тұрғыда көрініс табатындығы белгілі.

Жоғарыда атап кеткеніміздей, радикализм жайлы заң Қазақстан Республикасында әлі де қабылданбаған немесе терминнің өзі заңнамаларда бекітілмеген. Сондықтан заман талабына байланысты қазіргі уақытта радикализмге қатысты заңнамаға қажеттілік туындағаны анық. Сол себепті болашақта осы тақырыпта түрлі ғылыми зерттеулердің жүргізіліп, аталмыш феноменнің толығымен ашылуына ықпал ететін ғылыми зерттеулердің санының көбейетініне сенімдіміз.

Әдебиеттер

- Бахытжан Сатершинов: Обществу жизненно необходимо реагировать на угрозы и риски // <<http://www.niac.gov.kz/kz/poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-2017/item/1891-bakhytzhansatershinov-obshchestvu-zhiznennoneobkhodimo-reagirovat-na-ugrozy-i-riski>>
- Годвин, У., Волгин, В.П., &Фейгина, С.А. (1958). О собственности. //<<https://piter.anarhist.org/godvin1.htm>>
- ҚР-дың 2005 жылғы 18 ақпанындағы №31 заңы «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» //<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000031_>
- Ольшанский, Д. В. (2002). Психология терроризма. Питер, с. 234.
- Политическая энциклопедия. (1999). – М., Т. 2, с 33
- Романова М.И. Парламентская реформа 1832 года в Англии и ее последствия //<<http://articles.excelion.ru/science/history/world/55306751.html>>
- Саяси түсіндірме сөздік (2007). – Алматы, б. 54.
- Смертин А. Н.(2007) Политический радикализм: некоторые аспекты определения понятия // Вестник ЧелГУ. №9. //<<https://cyberleninka.ru/article/n/politicheskii-radikalizm-nekotorye-aspekty-opredeleniya-ponyatiya> (дата обращения: 16.05.2018)>.
- Bundesamt für Verfassungsschutz: Häufig gestellte Fragen: Was ist der Unterschied zwischen radikal und extremistisch? // <<https://www.verfassungsschutz.de/de/service/faq/>>
- Bundeszentrale für politische Bildung: Diskussion: Die Einordnung der REP von Florian Blank // <<http://www.bpb.de/veranstaltungen/themen/>>
- Cambridge dictionary // <<https://dictionary.cambridge.org/>>
- Definition of extremism by Merriam-Webster.(2015). Merriam-Webster Dictionary// <<https://www.merriam-webster.com/dictionary/extremism>>
- Encyclopaedia Britannica (1911),NewYork, Volume 9, P.793.
- Erlass zur Beschäftigung von Radikalen im öffentlichen Dienst [Radikalenerlass], 28. Januar 1972//<http://www.1000dokumente.de/index.html?l=de&c=dokument_de&dokument>
- Izard C.E. (1991). The psychology of emotions. //<<https://books.google.kz/books+emotions+izard>>
- Gerhard Hanloser: (2005) Geschichte und Praxis des Linksradikalismus.// <<http://huschhusch.blogspot.de/2009/07/25/geschichte-und-praxis-deslinksradikalismus/>>
- Mareš, M. (2008). Environmental radicalism and extremism in postcommunist Europe.Journal for the Study of Radicalism, 2(1), p. 91-107
- Mirko Heinemann: Wirrwarr der Begriffe. Die Unterschiede zwischen Radikalismus, Extremismus und Populismus, in: Das Parlament. // <https://dspace.cuni.cz/bitstream/handle/20.500.11956/62269/BPTX_2012>
- Neumann, M. (1988). What’s Left?: Radical Politics and the Radical Psyche. University of Toronto Press Higher education, p. 230
- Oxford Dictionary // <<https://en.oxforddictionaries.com/definition/radicalism>>
- Segal, R. A., & von Stuckrad, K. (Eds.).(2015). Vocabulary for the Study of Religion. Leiden: Brill<https://www.academia.edu/20123066/What_is_Radicalism>
- Ralf Hoffrogge (2015) : Linksradikalismus. In: Historisch-kritisches Wörterbuch des Marxismus. Band 8/II, Argument-Verlag, Hamburg, Spalte 1193–1207, hier: Spalte 1193, p 258.
- Thomas Grumke und Rudolf van Hüllen (2016): Der Verfassungsschutz. Grundlagen, Gegenwart, Perspektiven. Verlag Barbara Budrich, Opladen, p. 159.

References

- Bakhytzhansatershinov: Obshchestvu zhiznennoneobkhodimo reagirovat’ na ugrozy i riski [The society is vital to respond to threats and risks] // <<http://www.niac.gov.kz/kz/poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-2017/item/1891-bakhytzhansatershinov-obshchestvu-zhiznennoneobkhodimo-reagirovat-na-ugrozy-i-riski>>
- Godvin, U., Volgin, V. P., & Feygina, S. A. (1958). O sobstvennosti. [About property] // <<https://piter.anarhist.org/godvin1.htm>>
- KR-ның 2005 жылғы 18 ақпанындағы №31 заңы «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» [The law on countering extremism] // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000031_>
- Ol’shanskiy, D. V. (2002). Psikhologiyaterrorizma. [Psychology of terrorism]Piter, с. 234
- Politicheskayaentsiklopediya. (1999) М., Т. 2, с 33
- Romanova M.I. Parlamentskaya reforma 1832 goda v Angliiiyeposledstviya[The Parliamentary Reform of 1832 in England and its Consequences] // <<http://articles.excelion.ru/science/history/world/55306751.html>>
- Sayasi tysindirme sozdik (2007). [Political Explanatory Dictionary] – Almaty, b. 54.
- Smertin A. N. (2007) Politicheskii radikalizm: nekotoryeaspektyopredeleniyaponyatiya[Political radicalism: some aspects of the definition of the concept] // VestnikChelGU..№9. // <<https://cyberleninka.ru/article/n/politicheskii-radikalizm-nekotorye-aspekty-opredeleniya-ponyatiya> (дата обращения: 16.05.2018)>.
- Bundesamt für Verfassungsschutz: Häufiggestellte Fragen: Was ist der Unterschied zwischen radikal und extremistisch? //<<https://www.verfassungsschutz.de/de/service/faq/>>

- Bundeszentrale für politische Bildung: Diskussion: Die Einordnung der REP von Florian Blank // <<http://www.bpb.de/veranstaltungen/themen/>>
- Cambridge dictionary // <<https://dictionary.cambridge.org/>>
- Definition of extremism by Merriam-Webster. (2015) .Merriam-Webster Dictionary // <<https://www.merriam-webster.com/dictionary/extremism>>
- Encyclopaedia Britannica (1911), New York, Volume 9, P.793.
- Erlass zur Beschäftigung von Radikalen im öffentlichen Dienst [Radikalenerlass], 28. Januar 1972 // <http://www.1000dokumente.de/index.html?l=de&c=dokument_de&dokument=>
- C. E. Izard (1991). The psychology of emotions. // <<https://books.google.kz/books+emotions+izard>>
- Gerhard Hanloser: (2005) Geschichte und Praxis des Linksradikalismus. // <<http://huschhusch.blogspot.de/2009/07/25/geschichte-und-praxis-deslinksradikalismus/>>
- Mareš, M. (2008). Environmental radicalism and extremism in postcommunist Europe. Journal for the Study of Radicalism, 2(1), p. 91-107
- Mirko Heinemann: Wirrwarr der Begriffe. Die Unterschiede zwischen Radikalismus, Extremismus und Populismus, in: Das Parlament. // <https://dspace.cuni.cz/bitstream/handle/20.500.11956/62269/BPTX_2012>
- Neumann, M. (1988). What's Left?: Radical Politics and the Radical Psyche. University of Toronto Press Higher education, p. 230
- Oxford Dictionary // <<https://en.oxforddictionaries.com/definition/radicalism>>
- Segal, R. A., & von Stuckrad, K. (Eds.). (2015). Vocabulary for the Study of Religion. Leiden: Brill, p. 141.
- Ralf Hoffrogge (2015) : Linksradikalismus. In: Historisch-kritisches Wörterbuch des Marxismus. Band 8/II, Argument-Verlag, Hamburg, Spalte 1193–1207, hier: Spalte 1193, p 258.
- Thomas Grumke und Rudolf van Hüllen (2016): Der Verfassungsschutz. Grundlagen, Gegenwart, Perspektiven. Verlag Barbara Budrich, Opladen, p. 159.